

Кітапханаға қыран бүркітін алып келіпті

Лаура ТЛЕУБАЙҚЫЗЫ

«Қан сонарда бүркітші шығады аңға» деп жаттаған Абай аталарының өлеңіндегі шынайы кейіпкермен кездесу мектеп оқушыларына ерекше әсер етті.



— Балалардың саятшылық туралы үфімі мектеп қабыргасында қалыптасқанымен, осы өнердің иесімен кездесу бір бөлек. Ал саятшылықты өмір салтына айналдырып, қанға сінген құсбегілік өнерімізді өшірмей келе жатқан Архат Қиялбекулының өскелен үрпаққа айтарты мол, — дейді Өскемендең облыстық балалар мен жасөспірімдер

кітапханасының қызметкери Құралай Камалиева.

Айта кетейік, бул балалар мен жасөспірімдер кітапханасының үлттүк құндылықтарды даріптеу мақсатында өткізіл отырган бірінші шарасы емес.

Құмай тазы, қыран бүркіт пен түллардың иесі Архат Қиялбекулының саятшылық, құсбегілік туралы айқан әңгімелерін оқушылар үйіп тыңдады. «Алып» атты бүркіт пен «Сунқар» атты құмай тазымен танысқан балалардың аңшыға қойған сұрақтары да аз болмады.

— Маған әсіресе Архат ағаның «Алып» атты бүркітті алғаш рет үядан алғаны туралы әңгімесі қатты асер етті.

Бүркіттердің жан баспаған шырқау шындарда балапан басатынын білмеппін. Ағаның осы бүркіттің балапанын алу үшін биік құзға өрмелеп шығуы тіпті батырлық сияқты елестейді, — дейді №20 мектептің оқушысы Алдияр.

Өскемен.